



**«Қыз тәрбиесі-үлт тәрбиесі»**

(Дөңгелек үстел)

**Жауапты:** Нагиева Г.К.

**Өткізген:** Жантлеуова А.С.

Аймахова С.А.

**Музыка жетекшісі:** Абишева Г.У.

**Жүргізуші:** Саламатсыздарма ардақты әжелер, аяулы аналар, құрметті қонақтар!

**Дөңгелек үстелдің мақсаты:** Қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін қыз баланың бойына сіңіре отырып, қыз балаға келешекте ана алдында қоғамның, елдің, ұлттың тыныс –тіршілігі барысындағы үлкен жауапкершіліктің тұрғандығын сезіндіре отырып, әдепті, сыпайы, адамгершілігі мол, білімді, жан-жақты жетілген қыз бала тәрбиелеу.

**Жүргізуші:** Биылғы 2025-2026 оқу жылында балабақшамыздың әр тобында «Аналар мектебі, әжелер мектебі, әкелер мектебі» өз жұмыстарын жалғастыруда, мектептің жұмыс жоспары құрылып, сол жоспарға сәйкес қараша айында «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» тақырыбында аналар мен әжелермен дөңгелек үстел өткізгелі тұрмыз. Бүгінгі кездесуге аналар мен әжелерімізді шақырдық. Сонымен бірге, бүгінгі дөңгелек үстелдің қонағы «Қазақ дәстүрге жол» облыстық қоғамдық бірлестігінің мүшесі, Кашкимбаева Жұмағыз Избасқызы.

**Жүргізуші:** Құрметті қонақтар, әжелер, аналар «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» атты дөңгелек үстелге қош келдіңіздер! Дөңгелек үстелге келген қонақтарымызбен танысып өтейік.

Алға ауданы Маржанбұлақ ауылының қазақ аналары дәстүрге жол «Республикалық қоғамдық бірлестік» филиалының төрайымы Қазақстан Республикасының «Еңбек сіңірген қайраткері» төсбелгісінің иегері ардагер ұстаз **Кашкимбаева Жұмағыз Избасқызы!**

**Жүргізуші:** Қазіргі заман қыз бала тәрбиесіне ерекше мән беруді қажет етеді. Себебі қыз баланы тәрбиелеу деген сөз - ұлтты тәрбиелеу деген сөз. Әр елдің өміріндегі шешуші кілт қыздарға берілетін тәлім-тәрбие арқылы өлшенеді. Біздің халқымызда «**Қыз**» деген сөзді әдеміліктің, әдептіліктің, жан-жақты сұлулықтың символы ретінде қолданады.

**Жүргізуші:** Келесі сөз кезегі Алға ауданы Маржанбұлақ ауылының қазақ аналары дәстүрге жол «Республикалық қоғамдық бірлестік» филиалының төрайымы Қазақстан Республикасының «Еңбек сіңірген қайраткері» төсбелгісінің иегері ардагер ұстаз **Кашкимбаева Жұмағыз Избасқызына беріледі!**



**Жүргізуші:** Сол әдепті, инабатты, адамгершілігі мол, сыпайы қыздарды тәрбиелеу бүгінгі қоғамның және ата-ананың негізгі міндеті екенін естен шығармағанымыз жөн. Сол үшін ертеден келе жатқан салт-дәстүрлерді жалғастырып, өсіп келе жатқан қыздарымызға **үйрену мақсатында келесі кездесуі «Татап өкпе» салт-дәстүріне бейбік**

## 1. Шаш өру.

Бүгін біздің ұлттық салт-дәстүріміздің бір қыры-қыз баланың көркін ашатын әсем өнердің бірі шаш өру өнерімен танысайық. Шаш қыз баланың сәні әйел затының көркі. Қазақ халқында «Шаш- қыздың тәжісі» деп бекер айтылмаған. Әжелерімізден, аналарымыздан жалғасып келе жатқан бұл өнер- тиянақтылыққа ұқыптылыққа әсемдікке тәрбиелейді. Қыздарға шаш өрудің қарапайым түрлерін көрсету арқылы біз олардың қол моторикасын дамытамыз.



**А.Салтанат:** Қазақ қыз- келіншектерінің ұлттық киімдерінің өзіндік ерекшеліктері бар. Қазақ қыздары жастайынан сол киімдерді киіп, мән мағынасын ұғынып келеді. Солардың бірі «Үкілі тақия» мен «Ақ жаулыққа» тоқталайық.

**2. Үкілі тақия. (А.Салтанат):** Қазақ қыздарының үкілі тақияны мерекелерде, той- думандарда, ерекше күндерде киюі – олардың нәзіктігі мен сұлулығын паш ететін салт- дәстүрдің бір бөлігі. Үкілі тақия – тек сәндік бұйым емес, ол – ұлттық рухты, тәрбиені, әдемілікті насихаттайтын мұра.



Бүгін біз үкілі тақияның тағу ерекшеліктерімен, сәндік мәнімен, ұлттық киімдердегі орны және тәрбие жұмыстарында қолдану жолдарымен танысамыз. Кәмелетке жақындағанға дейін қыздың басына тақияның үстіне үкі тағып қояды. Үкі тағу деген тіл-көзден сақтайды деп ырымдаған. Қыз бала өзі жарқырап тұрады. Кіріп келгенде біреулер танданады, біреудің көзінің, тілінің сұғы өтеді. Сондықтан, қараған адамның көзінің сұғы бойжеткеннің басындағы үкіге көзі түседі. Үкі қасиетті құс. Үкі жүрген жерде шағатын хайуандар жүрмейді. Аспаннан неше түрлі зиянды энергия қыздың шашына түседі. Содан да қорғайды.

### 3. Ақ жаулық

Әйел адамның басына тартатын ақ түсті орамалын **ақ жаулық** деп те атайды. Халқымыз бас киіміді құрмет тұтқаны секілді, орамалды да киелі деп есептеген. Орамалды жас келінге үлкен ененің салатынында да зор мән жатыр. Мұнда ұлттымыздың От-анасы деген ұғымы қылаң береді. Бұрынғы от-анасы, әулетке келген жаңа мүшеге «байрақты» табыстап, аманат етеді деген сөз. Сондықтан тұтынған, басқа тағылған орамалды бөгде адамға сыйға тартуға болмайды. Орамал аяқ астында жатпайды, оны басып кетуден қатты секем алатын болған. Тіпті араздасқан адамдар орамалдың киесіне тоқтайтынын да айта кеткен жөн. Мәселен, алып қашып келген қыз көнбеген жағдайда үлкен (отанасы) әжелердің орамалын шешіп ортаға тастайтынын есіңізге түсіріңіз.

Бұрындары әйел адамға орамалсыз жүруге тиым салынған. **Орамалсыз жүрген әйелдің иманы басынан қырық қадам алыс жүреді** деп есептелген.



### 4. Кимешекпен таныстыру.

Ендігі сөз кезегін әжелерімізге берейік. Әжелер бізге қазақтың ұлттық бас киімі «Кимешек» туралы айтып береді.

Кимешек – қазақтың тұрмысқа шыққан әйелдеріне арналған ұлттық бас киімі. Ол ақ матадан тігіліп, әйелдің басы, мойны және иығын жауып тұратын киім түрі. Кимешек – қазақ халқының әдеп-ибасын, сұлулығын, салт-дәстүрін көрсететін бағалы мұра.

Ежелден бері әйелдер кимешекті инабаттылықтың, ұялылықтың, аналық құрметтің белгісі ретінде киген. Кимешек әйелдің отбасылық жағдайын, жасын, әлеуметтік орнын білдіріп отырған. Әр өңірде кимешектің өзіне тән үлгісі, ою-өрнегі, көркемдік әдісі бар.



### Жүргізуші:

5. Құлақтан кіріп, бойды алар

Әсем ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар,

Әнді сүйсең, менше сүй.-дей отырып кәнекей баршамыз бірге халық әні «Дедімай-ау»

Әнін шырқайық. Музыка жетекшісі Абишева Г.У.



### Қазақтың ұлттық қол өнері «Кесте тігу».

#### 6.Кесте тігу. Кесте тігу туралы таныстыру

Кесте тігу – қазақ халқының ежелден келе жатқан қолөнерінің бір түрі. Ол бұйымдарды ине мен жіптің көмегімен әртүрлі өрнек, ою, бейнелермен әсемдеп тігу өнері. Кесте – шеберліктің, ұқыптылықтың, әдемілікті сезіне білу қабілетінің көрсеткіші.

Қазақ әйелдері ертеден-ақ ою-өрнекті кестелерді шеберлікпен тігіп, үй тұрмысында қолданатын бұйымдарды әсемдеген. Мысалы:

Кесте тігу үшін алдымен матаны таңдап, оюдың үлгісі белгіленеді. Содан кейін түрлі-түсті жіптер арқылы шынайы әдемі өрнек түсіріледі. Әр ою-өрнектің өзіндік мәні, тәрбиелік мағынасы бар. Мысалы, “қошқар мүйіз” – молшылықты, “гүл” өрнегі – сұлулық пен нәзікті білдіреді.



### Жүргізуші:

7 . Шалкып тасып,әніміз,  
Жадырасын жанымыз.

Аналармен әжелерге

Би билейміз бәріміз.-дей келе келесі кезекте «Балақай» тобының қыздарының орындауында «Жүн сабау» биін қабыл алыңыздар.



**Жүргізуші:** «Ұршық иіру-үлкен өнер» демекші келесі кезекте әжеміздің ұршық иірудің әдіс-тәсілдерін қарап тамашалайық!

Бұл өнер ежелден бері қазақ әйелдерінің күнделікті тұрмысында маңызды рөл атқарған. Ұршықпен жіп иіру арқылы киіз басу, кілем, алаша, түрлі тоқыма бұйымдарын жасауға қажетті жіптер дайындалған. Ұршық – ағаштан жасалатын, ұшы үшкірлеу келген жіңішке құрал.



**Жүргізуші:** «Текемет құрастыру»

**Текемет** – сәндік-қолданбалы өнер туындысы, бетіне түрлі түсті ою-өрнек басылған киіз үй жиһазы. Текеметтің туу тарихы мен оны жасау технологиясы қазақтың ерте дәуірдегі (біздің заманымыздан бұрын,



Келесі сөз кезегі балабақшамыздың меңгерушісі Еркусимова Ляйля Тимуровнаға беріледі.

**Қорытындылау:**

**Жүргізуші:** Қыз бала- бойжеткен, келін, ана.

Бәрі де дер кезінде дара тұлға.

Ұрпағыңның ойласаң болашағын,

Қызды сыйла ,қазағым, қызды сыйла.

Бойында намыс оты ойнаған, ұлт тәрбиесін сіңірген, иманды да инабатты , тәрбиелі , ана тілін ардақтаған қазақтың текті қыздары көп болғай!Және де осындай қыздар тәрбиелеуге әжелер, аналар болып ат салысайық, -дей келе осымен жоспарланған бүгінгі дөңгелек үстелімізге өз мәресіне жетті келген қонақтарымызға көп-көп рахмет.Сау болыңыздар!